

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРҒА ТАЛПЫНЫС

Қазақтанда одақтық министрліктерге бағынатын және әскери өнім өндіретін кәсіпорындар аумақтық өнеркәсіптік партия ұйымының нұсқауларын тыңдағысы келмеді. Реформа сәтсіздікке ұшырады. Шаруашылықта жұмыс күші жетіспеді. Соғыс кезінде көшіп келген мамандар туған өңірлеріне қайтты. Жүз мыңдаған қазақстандықтар майданда қаза тапты. Жұмысшылардың кәсіби даярлығы төмен болды. Осы мәселелерді шешу үшін еңбек резервтерінің мектептері мен маман жұмысшылар дайындайтын училищелері ашыла бастады.

Республиканың шаруашылық өміріндегі өзгерістер маманданған жұмысшылар қатарының өсуіне ықпал етті. 1940 жылы 634 мың жұмысшы, 912 мың шаруа болған. Ал 1945 жылы 1044 мың жұмысшылар мен қызметкерлер, оның ішінде өнеркәсіпте істейтіндері 304 мың адам болған. 1960 жылы 2,2 млн жұмысшы, 611 мың шаруа болды. 1950 жылдары өнеркәсіпте, құрылыста, жол қатынасы мен байланыс жүйесінде істейтін жұмысшылар мен қызметшілер саны біршама артты.

1950 жылдардың II жартысында өндіріс техникасы мен технологиясын дамытуға көңіл бөлінді.

Кен өндіру операциялары механикаландырылды. Түсті металлургияда тұтас цехтар автоматтандырылды. Шымкент пресс автоматтары зауыты 20-дан астам машина түрін шығарды. Алматы ауыр машина жасау зауытының сым созу стандарты іске қосылды. Өскемен конденсатор зауытында төмен вольтты конденсаторлар шығарылды. Осының бәрі маман жұмысшы қолын талап етті. 1956-1960 жылдары 767,2 мың жұмысшы мамандығын жетілдірді. Жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан маман жұмысшылар аз болды.

Соғыстан кейінгі жылдары халық тұрмысын жақсартуға бағытталған шаралар жүргізілді. 1947 жылғы желтоқсанда еңбекшілерге азық және өнеркәсіп өнімдерін картонмен өлшеп беру жойылды. Көпшілік қолды тауарлардың бағасы арзандатылды. Кооперативтік сауданың кеңейі базар бағасының түсуіне ықпал етті. 1947 жылы ақша реформасы жүргізілді. Ескі ақша 1/10 қатынаспен алмастырылды. Жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы есе бастады. 1940 жылы 29,8 сом, 1950 жылы 62 сом, 1965 жылы 97,4 сомға өсті. 1950 жылдардың басында ұжымшар мүшелерінің айлық жалақысы 16,4 сом болды. Бұл жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысынан 4 есе кем еді. Олар мемлекеттік зейнетақы алудан да тыс қалды.

1950 жылдары әлеуметтік қамсыздандыруға

арналған қаржының көлемі артты. Соғыс мүгедектеріне, соғыста қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсетілді. Зейнетақы төлеудің шеңбері кеңейтілді. Мерзімнен тыс жұмыс істеу жойылды, күн режимі орнықтырылды, ақылы демалыс қалпына келтірілді. Тұрғын үй салуға мемлекет тарапынан қаржы бөліне бастады. Соғыс жылдары және одан кейін де үнемі көтерілген баға 1948 жылы 1940 жылғымен салыстырғанда үш есе жоғарылады. Еңбекшілер жыл сайын бір айлық жалақысына облигация сатып алуға мәжбүр болды.

1958 жылы кейбір қалаларда пәтерлерге газ беріле бастады. 1956 жылдан бастап жұмысшы және қызметші әйелдерге босануға байланысты берілетін ақылы демалыс 112 күнге ұзартылды. 1965 жылы республикада 79 санаторий, 23 демалыс үйі болды. 60-жылдардың басында жыл сайын 200 мыңға жуық бала пионер лагерінде демалды. Еңбекшілердің жинақ қассаларына ақша салу мөлшері 1950 жылы жан басына 88 сом болса, 1965 жылы 298 сомға жетті. 1950-1965 жылдары аурухана саны 2,4 есе, дәрігерлер саны 3,5 есе артты. Осы мәліметтер бойынша біз өткен XX ғасырдың 50 жылдарындағы, Ұлы отан соғысы жылдарынан кейінгі экономикалық реформаларды баяндаған болатынмын.

Ал XXI ғасырда еліміз үшін ұсынылған жоспарлар елдегі мүмкіндіктерді және бұған дейінгі тәжірибелерді ескеріп, бірізді, жүйелі мазмұнда дайындап келеді.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі және Жоғары реформалар кеңесінің құрылуымен мемлекеттік басқару жүйесін реформалауды ұлттық статистикамен қоса енді Президенттің өзі тікелей бақылайды. Демек, қоғамдағы саяси сұраныстар мен қажеттіліктердің орнын белгілі деңгейде жоғарыдағы институционалды өзгерістер толтыратын болады. Саяси реформаларды технократтық сипатта жүзеге асыруға тағы бір маңызды талпыныс жасалады. Нақты нәтижеге бағдарланған ұлттық жобаларға мән берілмек. Бұл тұста жобалық менеджментке назар аударғым келеді. Біздегі мемлекеттік жүйедегі ең сыналатын



мәселе – кадр саясаты және нәтижеге жауаптының болмауы. Осы ретте мемлекеттік аппарат және квазимемлекеттік сектор қызметкерлері саны алдағы жыл соңына дейін 25% қысқармақ. Сол мақсатта дербес бюджеттік жоспарлау және меморгандарды реттеудің заңдық шаралары жетілдіріледі.

«Жаңа экономикалық бағыт» аясында әр тарапты, технологиялық экономика құру жоспары жарияланды. Сонымен қатар отандық өнімдерді және шетелдік инвесторларды қорғау, бизнеске салықтық жеңілдіктер, көлеңкелі экономикамен күрес шаралары қарастырылған. Жолдауда индустрияландыруға көп мән берілген: қайта өңдеу, инвестициялар, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік сатып алу, бизнесті реттейтін заңдар жетілдірілмек. Ұлттық экономикада өңірлік мамандану қажеттігіне сәйкес Оңтүстік өңір – агроөнеркәсіпке, Шығыс пен Орталық – технология мен өндіріске, Батыс – мұнай мен инвестицияға, Солтүстік – шекарааралық саудаға күш салады. Президенттің шаралары нарықтық экономиканы күшейтуге бағытталған. Ол үшін әділ бәсекені реттеуге Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі құрылады. Мақсат айқын – экономикадағы мемлекеттің монополиялық рөлін азайту. Пандемия кезінде бизнестің әлеуметтік маңызы мойындалып, оны қолдау шаралары да ескерілді. Жаңа жекешелендіру арқылы кейбір мемлекеттік кәсіпорындар сатылатын болады. Жер сатылмайды.

XXI ғасырдың төңірегінде, «алдағы реформалар қоғамды мемлекет басқаруға қатыстыруға бағытталады». «Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспары», «Қоғамдық бақылау туралы» заң қабылдау, құқық қорғау жүйесін реформалау, қоғамдық кеңестерді күшейту, ауыл әкімдерін сайлау, мәслихаттар ашықтығы, онлайн-петиция беру механизмі, ІІМ, соттар мен прокуратура қызметін модернизациялау, адам құқықтарын қорғау сияқты ірі өзгерістер болады. Оның ішінде, аймақтағы логистикалық бәсекелестікке назар аударылды. Менің ойымша, қазіргі жағдай Қазақстанда реформалардың жылдам атқарылуын тездететін фактор.

Кең көлеміндегі елдегі саяси, экономикалық реформалардың барлығы мемлекеттің дамуына, азаматтардың конституциялық құқықтарын күшейтуге, қоғамдағы азаматтық белсенділіктің қалыптасуына, түптеп келгенде қазақстандықтардың жайлы өмір сүруі үшін жасалып жатқаны айқын. Елде қандай өзгерістер болмасын, бір мемлекетте өмір сүріп жатқаннан кейін бірлік туын бірге көтеріп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруға тиіспіз. Біз дамудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Билік институттары мен халық етене жақын «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыруды жүзеге асыруға бірге атсалысуымыз керек. Бұл біздің азаматтық борышымыз деп есептеймін.

Ф. АЛМЕНОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің
Экономикалық пәндер оқытушысы.